**Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-Сауд Аравиясы комиссияның бірінші отырысын өткізу туралы (1999 жылдың 12-16 қазаны)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1505

Қазақстан Республикасы мен Сауд Аравиясы Корольдігінің арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) 1999 жылдың 12-16 қазанында Астана және Алматы қалаларында Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-Сауд Аравиясы комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) бірінші отырысын өткізсін:

2) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп қажетті құжаттар дайындасын және Комиссияның Сауд Аравиясы бөлігі мүшелерінің келу бағдарламасын әзірлесін;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен бірлесіп (келісім бойынша) Комиссияның Сауд Аравиясы бөлігінің мүшелерін орналастыру мен оларға қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын, Комиссия мүшелеріне Астана, Алматы қалаларында көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің Хаттама қызметімен (келісім бойынша) бірлесіп Комиссияның Сауд Аравиясы бөлігінің тең төрағасын қарсы алуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдауды ұйымдастырсын;

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.08. N 1541 қаулысымен. P991541_

2. Орталық атқарушы органдар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 1-қосымшаға сәйкес Іс-шаралардың жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражаттың есебінен сметаға ( 2-қосымша) сәйкес Комиссияның бірінші отырысын өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының

Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен бірлесіп Комиссия мүшелері бар ұшақтың Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанар май құюды ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Комиссия мүшелерінің әуежайда, тұратын және баратын жерлерінде қауіпсіздігін, сондай-ақ жүру бағыттары бойынша ілесіп жүруді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1505
қаулысына 1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаның атауындағы сан өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.08. N 1541 қаулысымен.

P991541_

Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-Сауд Аравиясы бірлескен комиссиясының бірінші отырысына дайындық жөніндегі іс-шаралардың
Жоспары
(1999 жылдың 12-16 қазаны, Астана қаласы)

| N р/с | №Іс-шараның атауы | Орындау мерзімі | Орындау үшін жауаптылар |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | Ұйымдастырушылық іс-шаралар | | |
| 1 | Делегацияның болу бағдарла. масын дайындау | 1 қазанға дейін | Әділетмині (жиынтық), Сыртқыісмині, Энергетика, индустрия және саудамині, Инвестициялар агенттігі |
| 2 | Қазақстан Республикасы ресми адамдарының Сауд Аравиясы Корольдігі делегациясының басшысымен екіжақты кездесу. лерін ұйымдастыру | Отырыстың өте. тін күнін белгілеуге орай | Әділетмині, Сыртқыісмині, Премьер-Министр Кеңсесінің Сыртқы экономикалық байла. ныстар және хаттама бөлімі |
| 3 | Қонақ үйінен орын сақтап қоюды ұйымдастыру. Делегация мүшелерін орналастыру және көліктік қызмет көрсету. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің есебінен қаржыландыру | Отырыстың өте. тін мерзімін белгілеуге орай | Әділетмині, Президент пен Үкіметтің шаруашылықбасқар масы (келісім бойынша) |
| 4 | Астана мен Алматы қалалары. ның әуежайларында қарсы алу мен шығарып салуды ұйымдас. тыру | Отырыстың өте. тін мерзімін белгілеуге орай | Әділетмині, Сыртқыісмині, Астана мен Алматы қалала. рының әкімдері,Көліккоммині |
| 5 | Қазақстандық бизнесшілердің комиссияның жұмысына қатысуы және Сауд Аравиясы бизнесші. лерінің келуіне арналған бағдарламасын дайындау жөнін. де ұсыныс енгізу | 1 қазанға дейін | Энергетика,индустрия және саудамині, Инвестициялар агенттігі |
| 6 | Комиссия жұмысының регламенті | -"-"- | Әділетмині, Энергетика, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (баяндамашы мен сөз сөйлеуші. лерге берілетін уақыт) жөнінде, секциялардың басшылары мен олардың құрамы, өткізу орны жөнінде ұсыныстар енгізу | | индустрия және саудамині |
| 7 | Секциялар отырыстары хаттама. ларының жобаларын дайындау | -"-"- | Әділетмині, Энергетика, индустрия және саудамині, Инвестициялар агенттігі |
| 8 | Комиссияның 1 отырысы хаттама. сының жобасын дайындау | -"-"- | Әділетмині, Энергетика, индустрия және саудамині (секциялардың басшылары, комиссияның хатшысы) |
| 9 | Үкіметаралық Қазақстан-Сауд Аравиясы бірлескен комиссия. сы туралы ереженің жобасын дайындау | 1 қазанға дейін | Әділетмині, Энергетика, индустрия және саудамині (комиссия хатшысы), Сыртқыісмині |
| 10 | Сауд Аравиясының делегация. сына қызмет көрсету және қаржы шығындарын жабу көз. дері жөнінде ұсыныс енгізу. | -"-"- | Әділетмині, Қаржымині, Президент пен Үкіметтің шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |

Қонақ үй

Көлік
МАИ-дің ілесіп жүруі (қажет болған жағдайда)
Күзет (қажет болған жағдайда)
Арнайы ұшақ болған жағдайда техникалық қызмет көрсету және жанармай құю (келетін жақтың есебінен)
Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының атынан қабылдау.
Кофе-брейк
Кәдесый

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Баспа өнімдерін дайындау (бейдждер, арнайы рұқсатнама) Сауд Аравиясының делегациясын тамақтандыруды ұйымдастыру | | |
| 11 | Ілеспе аударманы ұйымдастыру үшін жағдайды қамтамасыз ету (аппаратура, аудармашылар) | Отырыс өткізі. летін күндері | Әділетмині, Сыртқыісмині |
| 12 | Комиссияның қазақстандық бө. лігі төрағасының атынан қа. былдау өткізілетін орын туралы ұсыныс енгізуі. Қатысушылардың санын айқындау (қажет болған жағдайда тең төрағалардың сөз сөйлеуі) | 1 қазанға дейін | Әділетмині,Президент пен Үкіметтің шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |
| 13 | Комиссияның бірінші отырысына залды дайындау: Бірлескен комиссияның бірінші отырысына қатысушыларды құттық. тау, жалаушалар, отырысқа әрбір қатысушыға кюверттік кәртішке микрофондар, блокнот. тар, қаламдар, сусындар, су, кофе-брейк. Отырысқа қатысушының әрқайсысы ның алдында: Комиссияның жұмыс бағдарламасы, күн тәртібі, делегацияға қатысу. шылардың тізімі болуы тиіс; секциялар жұмыс істеуі үшін мекен-жай әзірлеу; | Отырысқа 2 сағат қалғанда | Әділетмині, Қаржымині |
| 14 | Сауд Аравиясы жағына беру үшін өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша екіжақты халықаралық шарттардың жобаларын келісу | 1 қазанға дейін | Тізім бойынша министр. ліктер мен ведомстволар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | Комиссия отырысының ашылуы мен жабылуына баспасөзді шақыру, комиссия отырысының қорытынды. лары бойынша баспасөз конференциясын ұйымдастыру. | Комиссияның отырысына 5 күн қалғанда | Сыртқыісминінің баспасөз қызметі, Әділетмині |
| | Ақпараттық қамтамасыз ету | | |
| 16 | Комиссияның қазақстандық бөлі. гінің төрағасы баяндамасының жобасын дайындау | 1 қазанға дейін | Әділетмині, Сыртқыісмині |
| 17 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| 18 | Инвестициялар жөніндегі агент. тік өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Инвестициялар агенттігі |
| 19 | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Энергетика, индустрия және саудамині |
| 20 | "Астана қаласының әкімі мен Сауд Бен Ладин Тобы компаниясы тобының арасындағы келісімді іске асыру жөніндегі шаралар туралы" деген тақырыпта Астана қаласы әкімінің сөзін дайындау | -"-"- | Астана қаласының әкімі |
| 21 | Қазақстан Республикасының | -"-"- | Шағын бизнесті қолдау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі өкілінің сөзін дайындау | | жөніндегі агенттік |
| 22 | "Сауда-экономикалық және инвестиция салаларындағы кедендік реттеудің рөлі" деген тақырыпта Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті өкілінің сөзін дайындау | 1 қазанға дейін | Кірісмині |
| 23 | Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Көліккоммині |
| 24 | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі өкі. лінің сөзін дайындау | -"-"- | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғаумині |
| 25 | Ғылым және жоғары білім министрлігі өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Ғылым және жоғары біліммині |
| 26 | Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Денсаулық сақтау, білім және спортмині |
| 27 | Мәдениет, ақпарат және қоғам. дық келісім министрлігі өкілі. нің Түркістанның 1500 жылдығын мерекелеу мәселесі жөнінде сөзін дайындау | -"-"- | Мәдениетақпаратмині |
| 28 | Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіптік палатасы өкілінің сөзін дайындау | -"-"- | Сауда-өнеркәсіптік палатасы (келісім бойынша) |
| 29 | Үкіметаралық Қазақстан-Сауд Аравиясы комиссияның жұмысы жөнінде есеп дайындау | Комиссияның отырысы аяқ. талғаннан | Әділетмині, Энергетика, индустрия және саудамині (комиссияның хатшысы), |

кейін 10 күн. Сыртқыісмині
нің ішінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1505 қаулысына 2-қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.08. N 1541 қаулысымен.

P991541_

Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық
жөніндегі үкіметаралық Қазақстан-Сауд Аравиясы
комиссиясының бірінші отырысын
/1999 жылдың 12-16 қазаны/ өткізуге арналған
шығыстардың
Сметасы

| N р/с | Шығыстардың бабы | Адамдардың саны | Тәуліктер саны | Құны АҚШ долл. | Шығыстардың жиыны АҚШ долл. мен | Жиыны теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Делегация басшысы.нының тұруы | 1 | | | | |
| | Астана қаласы | | 3 | 685$ +20%ҚҚС | 2466 | 347706 |
| | Алматы қаласы | | 2 | 700$ +20%ҚҚС | 1680 | 236880 |
| 2 | Делегация мүшелері.нің тұруы | 8 | | | | |
| | Астана қаласы | | 3 | 390$+20% ҚҚС | 11232 | 1583712 |
| | Алматы қаласы | | 2 | 200$+20% | 3840 | 541440 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ҚҚС | | | |
| 3 | Конференц залды жалдау | 2 | | 3000 | 423000 |
| 4 | 4 секцияның жұмыс істеуі үшін залдарды жалдау | 2 | 250$ | 2000 | 282000 |
| 5 | Ілеспе аударма аппараты | 2 | | 1000 | 141000 |
| 6 | Автокөлікті жалдау | 5 | сағатына 700 теңге | | 252000 |
| 7 | Аудармашының қызметі | 5 | 5 | Сағатына 700 теңге | 210000 |
| 8 | Кеңселік тауарларды сатып алу | | | 300 | 42300 |
| 9 | Буфеттік қызмет ету | 2 | | 500 | 70500 |
| 10 | Ресми түскі және кешкі асқа арналған шығыстар | 1 | | 5000 | 705000 |
| 11 | Баспа өнімдерін дайындау | | | 100 | 14100 |
| 12 | Басқа да көзделмеген шығыстар | | | 2000 | 282000 |
| | Барлығы | | | 5121638 | |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК